

# Бостандықтан басталған баспалдақ

Бұл жинақ «ПМК-5»ЖШС-нің директоры, кәсіби бесаспап құрылысшы Кәрібай Шаяхиннің 60 жасқа толу мерейтойына арналады.

Мерекелік жинақты шығаруға бастамашылық жасаған: той иесінің ұлы Нұрлан мен келіні Айзада.

Басылымның редакторы: Нұрсайын Шәріп.

-56290
г. Сергеевка
ЦЕНТРАЛЬНАЯ РАЙОННАЯ

# КӘРІБАЙ ҚАУАШҰЛЫ ШАЯХИН
## (ӨМІРБАЯН)



1958 жылы 13 қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысының Бескөл ауданындағы (қазіргі Мамлют ауданы) Бостандық ауылында қарапайым отбасында дүниеге келді. Орта мектепті бітірген соң Отан алдындағы әскери борышын Германиядағы контингенті шектеулі Кеңес Армиясының қатарында өтеді. 1980 жылы Целиноград инженерлік-құрылыс институтының «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс» факультетіне оқуға түсті. Институтты ойдағыдай бітіріп, Солтүстік Қазақстан облысындағы Сергеев ауданының орталығында (қазіргі Шал ақын ауданының Сергеевка қаласы) орналасқан «№ 2 Петропавловскстрой тресінің № 5 мехколоннасына жолдама алды. Онда екі жыл № 2 учаскенің шебері болып еңбек жолын бастады. 1986–1995 жылдары прораб және № 1 учаскенің бастығы қызметтерін атқарды. 1995 жылы «Көкшетау құрылыс № 1» тресінің ПМК-108 мекемесінің бастығы қызметіне жіберілді. 1999 жылы «Шаяхин К.К.» жеке кәсіпорнын ашып, құрылыс-монтаж жұмысымен айналысты. 2004 жылы «ПМК-5» жауапкершілігі шектеулі серіктестікті құрып, содан бері осы ұжымды өзі басқарып келеді.

Кәрібай Қауашұлы «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Екі жыл қатарынан «Үздік

кәсіпкер» атағын жеңіп алып, тиісті дипломға ие болды.

Жұбайы Зикеш Серкенқызымен екеуі екі ұл тәрбиелеп өсірді. Үлкен ұлы Нұрлан – кәсіпкер, Руслан – мемлекеттік қызметкер.

Нұрлан 2013 жылы Айзадамен щаңырақ көтеріп, Нұрайым және Аяулым атты қыздарды тәрбиелеуде.

Руслан 2015 жылы Ләйләгүлмен шаңырақ көтеріп, Іңкәр деген қыздары бар.

# АТА-БАБА ШЕЖІРЕСІ

## Алты алаш:

1) Қазақ; 2) Өзбек; 3) Қырғыз; 4) Қарақалпақ;
5) Түркмен; 6) Башқұрт.

## Қазақтың ұлдары:

Жұман, Тұман.

## Жұманның ұлдары:

Арыс, Сабыр.

Арыс – өте ірі, күшті, ақылды, айбатты болған (шын аты – Анарыс).

Арыстың алты ұлы болған: Ақ, Пан, Жан, Бал, Бек, Бол. Арыс ұлдарын екі-екіден үш топқа бөліп, әр топқа әскер берген (үш жүз).

## Үш жүз: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз

**Орта жүз** руларының ішінде – **Керей.**

**Керей** (Ашамайлы керей, абақ керей).

**Ашамайлы керейдің ұлдары**: Ошыбай, Тұрсынбай, Пархат, Бекарыс, Қажыған.

Пархаттан – Танаш би.

**Танаш бидің ұлдары**: Балта, Тарышы, Көшебе, Балға (Сибан).

**Тарышының ұлдары**: Тезағай, Ақсары, Күрсары, Еменәлі.

**Тезағайдан** – Матақай, Самай (Бәйтеке).

**Самайдан** – Жанбура, Бақы, Шығай, Шағалақ, Алдаберді, Жанай, Толыбай, Қансыт.

**Шығайдан** – Дүйсенбі.

**Дүйсенбіден** – Айтбай батыр, Бұқарбай.

Айтбай жоңғарлармен соғыста батыр атанып, ауыр жараланып, әскербасы ретінде жасақтар жинап, оларды басқарып, Ертіс бойындағы жоңғарларға қарсы шайқастарға апарып отырған. Абылай ханның ордасындағы кеңестерге қатысқан Бөгенбай батырдың

солтүстік өңірден әскер жинап, ұрысқа апарып отырған көмекшілерінің бірі болған.

**Айтбай батырдың ұлдары**: Қасаболат, Тоқболат, Есенгелді, Қосай, Досай, Жангелді.

**Қасаболаттан** – Базарбай – Смағұл, Итемір.

**Смағұлдан** – Сандыбай – Қуанышбай, Жаңбырбай (Бексеит ауылы).

**Итемірден** – Сарбас – Көшербай (Көшен), Молдахмет.

**Көшеннен** – Алтынай, Мұрат, Айман, Ербатыр, Еркін.

**Молдахметтен** – Орынтай, Ержан, Ерлан, Бақыт, Ертай (Бостандық ауылы).

**Тоқболаттан** – Ноңаш, Қуаныш.

**Есенгелдіден** – Маңыбай.

**Маңыбайдың ұлдары:** Дөкетбай, Құттыбай, Сүттібай, Сансызбай (Сақау), Патқолла.

**Сүттібайдың ұлдары:** Уәли, Шаяхмет (Шаяқы), Сыздық.

**Уәлиден** – Нұғыман, Назар.

**Шаяхметтен** (Шаяқы) – Қабдраһман (Қауаш), Жәуке (Жауынгер), Бекен, Бәйни, Шәйзат, Күлжиян.

**Қабдраһманнан** (Қауаш) – Зерен, Мәлгаждар (Мәлкен), Сәлкен, Кәрібай.

**Зереннен** – Жанайдар, Жамбыл, Айман, Алтынай.

**Мәлгаждардан** (Мәлкен) – Айтжан, Сәкен, Сәрсен, Айдын, Нұржан.

**Сәлкеннен** – Айнагүл, Ерлан.

**Кәрібайдан** – Нұрлан, Руслан.

**Жәукеден** (Жауынгер) – Кәпкен, Мұхамедияр, Ахметқали, Семетай, Алма, Алқа.

**Кәпкеннен** – Айбек.

**Мұхамедиярдан** – Айдос, Алмагүл, Асылгүл.

**Ахметқалидан** – Жандос, Самал, Жанар.

**Семетайдан** – Уалихан Жаукенов, Саида.

**Алқадан** – Мырзағали, Дулат.

**Бекеннен** – Баян, Зәпкен, Серік, Бақытжан, Ырысжан, Құралай.

**Зәпкеннен** – Қуаныш, Гауһар, Динара, Зарина.

**Серіктен** – Гүлжан, Елдар.

**Нұғыманнан** – Қайырбай, Есілбай, Шолпан, Өмірбай, Орынбай, Бибігүл, Бибі, Амангелді.

**Назардан** – Гүлстан, Өміртас, Қайсар, Еркеш, Асылтас, Зада, Зейнеш, Сандуғаш.

**Сыздықтан** – Қажымолда, Қалиолла (Кәләк).

**Қажымолдадан** – Нүрикамал, Шекер, Айбас, Күмісай, Марал.

**Қалиолладан** (Кәләк) – Бектас, Қаламқас, Серік, Бақты, Зәмзәгүл.

## Шежірені ұсынған: Шаяхин Мұхамедияр Жәукеұлы

# ЖАҚСЫ СӨЗ – ЖАРЫМ ЫРЫС

(Ізгі тілектер)

Біздің үйіміз Қауаш атай мен Үміт апайдың отбасымен көрші болды. Сондықтан осы үйдің үлкені Мәлгаждар бізге жас жағынан аға сияқты болса, ал екінші ұлдары Сәлкен Асылболат екеуімізден (Асылболат Смағұлов, Қазақстанның еңбек сіңірген артісі. – **Авт.**) 1 жас кіші-тін. Осы маңайдағы көрші үйлердегі Асылболат, Эмиль, Мұқтар. Сәлкен, Шаяхмет, Әлібек және Зият жастарымыз тете болғандықтан бірге өстік. Ал 60 жастың асқаралы белесіне өзіндік адал еңбегімен, таңдап алған мамандығының жемісімен, қол жеткізген табыстарының жеңісімен көтеріліп отырған Кәрібай Сәлкен досымызға іні болғандықтан күні бүгінге дейін бізге де ініміз сияқты көрінеді. Оның үстіне көрші-қолаңның үлкендері бірге туған ағайындай күн кешті. Өйткені біздің әке-шешелеріміз де жастары жағынан қарайлас болатын. Әрі «көршіңмен тату бол», «жақсы көрші туғаныңнан артық», «үй емес, көрші таңда» деген аталы сөздердің байыбына сол кезде бара бермесек те, ғибратты қағидалардың шындық екеніне балалық шақта-ақ көз жеткіздік десем артық айтқандық емес.

Қауаш атай кезінде ауыл шаруашылығында, дәлірек айтсам, мал фермасында еңбек еткенін білеміз. Қартайған шағында дінге шындап берілді де, ауылымыздың белді бір құран бағыштайтын адамына айналды. Ал Үміт апай бала-шағаның тәрбиесімен айналысты. Көрген-түйгені мол адам еді. Ауыл тарихында өз көзімен көргендерді, үлкендерден естігенін жаңылмай айтып отыратын. Есте сақтау қабілеті күшті болғаны соншалық, «Мына оқиға сол жылы болған», – деп, даулы да шүбәлі оқиғаларға нақты дәлелдерімен нүкте қоятын.

Мәлгаждар ағамыз ауылдың ең үздік механизаторларының бірі ғана емес, бірегейі болды. Негізінен

бөлімшеде мал азығы – жүгері егіп, оны жинап алумен айналысатын. Сүрлем дайындап болғаннан кейін астық жинайтын комбайнға да отыра беретін бесаспап механизатор еді. Жасынан арақ ішпейтін және темекі шекпейтін. Әділдікті жаны сүйетін. Шындық үшін отқа түсуге бар жан еді. Ақиқат үшін дауласудан да тайынбайтын. Мәлгаждар адал еңбегімен бірге осы қасиетімен де біздің есімізде қалды. Біздің сыныптасымыз Тиыштық Бәшірқызына үйленгенде, құдайы көршісі әрі тетелес інісі ретінде Мәкеңнің күйеу жолдасы болғанмын. Екі үйдің қоян-қолтық араласқаны соншалық, олардың баласына біз (Сәния екеуіміз), біздің қызымызға олар кіндік ата, кіндік әже болдық. Сол байланыс әлі күнге дейін жалғасып келеді. Бір өкініштісі – Мәлгаждар мен Тиыштықтың облыс орталығында тұратын балаларына көшіп келгенімен, ерте о дүниелік болғаны.

Бұл отбасының бізге тетелесі Сәлкен еді. Бізден бір жас кіші болатын. Үлкен-кіші азан айтып қойған атымен емес, Сәлки дейтін. Ол ауылдағы сегізжылдықты бітірген соң Николаевка орта мектебінде оқыды. Жоғары білімді Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтында алды. Мамандығы – инженер-механик. Еңбек жолын өзіміздің Андреев кеңшарында машина-трактор шеберханасының меңгерушісі болып бастады. Техниканы жетік білетін. Кейін қазіргі Шал ақын ауданындағы «Семиполка» кеңшарында бас инженер болып еңбек етті, кеңшарлар тарағаннан кейін сол жерде егістік жер алып, шаруа қожалығымен айналысты. Жасымыздан құлын-тайдай бірге өскен жан досымыз денсаулығына байланысты асқаралы алпыс жасқа да жете алмады. Қазір шаруа қожалығының жұмысын құдай қосқан қосағы Айжан дөңгелетіп отыр.

Кәрібай осындай ынтымағы жарасқан отбасында тәлім-тәрбие алды. Оның жақсы оқуына, жоғары оқу орнына түсуге талпынуына мектепте үздік оқыған, сөйтіп Алматының ауыл шаруашылығы институтын

инженер-механик мамандығы бойынша тәмамдаған ағасы Сәлкен үлгі болғаны және қолдау көрсеткені шындық. Сол кезде ауылдық мектепті тәмамдаған жастар бір мамандық алып шығуға, қатарларынан қалмауға ерекше талпынатын. Ауылда отырып қалуды, жоғары оқу орнына түсе алмай, елге қайтып оралуды ұят санайтын. Осындай құштарлық пен ұмтылыстан жан досымыздың інісі де шет қалған жоқ. Сол кездегі Целиноградтың жоғары оқу орнына түсіп, ауылдағы ең алғашқы жоғары білімді кәсіби құрылысшы атанды.

Кәрібайдың қазіргі Шал ақын ауданының орталығында еңбек жолын бастағаннан бергі бар саналы ғұмыры құрылыспен байланысты. Кеңес Одағы тарағаннан-ақ дағдарысқа түспей, өзіндік жолын таңдай білді. Қазіргі Ғ. Мүсірепов атындағы ауданның орталығы Новоишимка ауылында құрылыспен айналысатын серіктестік құрды. Оны өзі еңбек жолын бастаған «ПМК-5» атымен атады. Содан бері де 14 жыл өтіпті. Осы жылдар ішінде құрылыс компаниясының атқарған жұмыстарын облысымыздың Ғ. Мүсірепов атындағы ауданнан басқа Мамлют, Шал ақын, Тимирязев аудандарынан көптеп кездестіруге болады. Экономикалық тоқырау кезінде жабылып, төрт қабырғасы ғана қалған балабақшаларды, мәдениет үйлерін, кітапхана мен жатақханаларды қалпына келтірді, тұрғын үйлер мен мектептер салды. Жұмыс барысында солардың көпшілігін өз көзіммен көріп, құдайы көршімнің артына өшпес із қалдырып жатқанына шын көңіліммен қуандым.

Соңғы 2–3 жылда облыс орталығында да өз қолтаңбасын қалдыруда. «Береке» шағынауданында 55 пәтерлік бесқабатты тұрғын үйді пайдалануға берді. Бұл құрылыс нысаны өзімнің үйімнің жанында болғандықтан, оның батпақты жерге қалай салынғанын жақсы білемін. Оны аяқтай сала, облыс әкімінің ұсынысымен 20-шы шағынауданда еңселі мешіт салуға

кірісті. Құрылысы өзгеше ғимарат қаланың терістей жағына ерекше сәулет беретіндігі қазірдің өзінде көрініп-ақ тұр.

Таяуда 14 шілде күнгі «Северный Казахстан» газетін қарап отырсам, Марина Петрованың

**«ЖАҢА ШАҒЫНАУДАН САЛУДА**
**Новоишимкада кезекті көпқабатты үйдің құрылысы басталды»**

деген мақаласы көзіме оттай басылды. Оның қазақша мәтіні мынадай (қазақшалаған авт.):

**«Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы аясында Ғ. Мүсірепов атындағы ауданның Новоишимка ауылында 50 пәтерлік тұрғын үйдің құрылысы басталды. Жаңа ғимарат нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы бойынша бұған дейін салынған көпқабатты үйлердің жанында тұрғызылады. Болашақта осы жерде көпқабатты үйлерден тұтастай шағынаудан құрылатын болады.**

Салына бастаған үй Ғ. Мүсірепов атындағы ауданның коммуналдық тұрғын үй қорына үміткер азаматтарға арналады. Қазір нөлдік циклді құрастыру жүргізілуде.

Мердігер – «ПМК-5» ЖШС тәжірибелі ұйым, оның күшімен бұған дейін ауданда екі 12 пәтерлік, 18 пәтерлік және 50 пәтерлік тұрғын үйлер, Буденное ауылында орта мектеп салынған. «ПМК-5» ЖШС облыс орталығында да тұрғын үй салуға қатысуда.

50 пәтерлік тұрғын үйдің құрылысы республикалық және облыстық бюджеттен қаржыландырылады. Сәйкес түрде 328 және 91 млн. теңге бөлінді.

Жаңа үйде 17 бірбөлмелік, 19 екібөлмелік және 14 үшбөлмелік пәтер болады. Барлық сәйкес инженерлік коммуникациялар тартылады, оның ішінде орталық жылыту жүйесі де. Үйге бейнебақылау камералары мен домофондар да орнатылады».

Осының өзі-ақ құрылыс компаниясының жаңа бір жобаны қолға алғанын көрсетеді, Кәрібай інімiздің асқаралы 60 жасында өзі түтін түтетіп жатқан аудан орталығында 2-ші шағынауданның құрылысына нүкте қойғалы отырғанын байқатады...

Иә, құрыш қолды құрылысшының әлі де талай рет жаңа туындыларымен: әсем ғимараттарымен, әлеуметтік нысандарымен жүздесетіндігімізге сенімдімін.

Дені сау, арманы асқақ бола берсін Кәрібай інімiздің!

**Нұрсайын Шәріп,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

Ауылдағы сыныптастармен ақылдасып, біраз естеліктер жазармыз деп ойлап едім, оңай емес екенін кейін түсіндім. Шаяхин Кәрібай оқушы кезінде аса көзге түспеген, оғаш қылықтарымен ерекшеленбеген бала болған деп сыныптас құрбым Бейнегүл Мұрсәлімова екеуіміз қорытындыға келдік. Мектеп бітіргенімізге 42 жыл болды, мүмкін кейбір жәйттер ұмыт болған шығар. Бірақ кейбір балалардың қылықтары, мінездері әлі күнге дейін есімізде. Соның ішінде Кәрібай туралы ерекшелеп айтатын жағдайларды көп ойланып, еске түсіре алмадық. Оқушы кезінде қыздарға жоламайтын, оның бар ойы, қызығушылығы спортқа қатысты болған. Жақсы оқыды. Есімде қалған бір жәйт туралы айтып өтейін.

Мен де мектепте жақсы оқыдым, бірақ аса көзге түспейтін балалардың тапқырлығына таң қалғаным бар. Ол кезде ескі мектепте коридордың оң жақ шетінде түпкіргі әскери сабақ өтетін бөлмеде түстен кейін оқып жүрдік. 9-шы сыныпта оқып жүрген кезде бір-екі сабақтан кейін шаршап, тезірек сабақ бітсе екен деп жан-жағымызға қарап, бір-бірімізден сабақ бітуіне қанша уақыт қалғанын ыммен сұрап, тықыршып отырамыз. Ол кезде қолсағат қолымызда болмады ма (әрине, қазіргідей телефон жоқ), әйтеуір, амалын таба алмай отырған кезде артымызда отырған Кәрібай мен Мұрат Хасенов (сыныпта екі Мұрат оқыды) екеуі түртіп, қазір сабақ бітеді деді. Қайдан біліп отыр деп артыма қарасам, сырланған қабырғада қаламмен сызылған сызықтар бар екен. Екеуі күнде әр сабақ біткен кезде көлеңкенің түскен жеріне белгі қойып отырыпты. Дәл келмесе де, шамалап анықтауға болады екен. Шын мәнінде, қоңырау болған кезде қарасақ, жобалары келіп тұр. Жанымда отырған Гүләйім Есмұқанова (Латыпова) екеуіміз таң қалдық.



г. Сергеевка
ЦЕНТРАЛЬНАЯ РАЙОННАЯ
БИБЛИОТЕКА

Жалпы Кәрібай сол кезде жұртқа жаны ашып тұратын ақ көңіл, аздап аңқаулығы бар бала болды. Мектеп бітіргеннен кейін хабарласып жүрдік. Ол әскерде Германияда жүргенде, открытка, фотосын жіберетін.

Мектепті 28 оқушы бітіріп едік, олардың кейбірі бұл дүниеден өтіп кетті. Қалғандарымыз реті келген кездерде жиі болмаса да хабарласып жүреміз.

**Ұмсын Мүрсәлімова (Есмұқанова)**

**«Әке – асқар тау,**
**Ана – қайнар бұлақ,**
**Бала – жағасындағы құрақ»**

Менің әкем – нар тұлғалы азамат, адамзаттың асылы. Адал, батыл, ержүрек, жоғары білімді, өз ісінің үздік маманы, тәрбиелі, көрегенді, ағайынына, жанұясына, достарына, қоршаған ортасына әр кезде қол ұшын беруге дайын жан. Отбасымызда әкемнің орны бөлек. Менің асыл анам әкемді сыйлап, оған қарсы сөйлемеуге, әдепсіздік көрсетпеуге, құрметтеуге бейімдеп отырады. «Әкең ренжіп қалар», «Әкеңмен ақылдас», «Әкеңе барып сәлем бер», «Әкеңнің керегін дайында, көмектес» деп әкеге құрмет, қызмет етуге ес білгеннен бері үйретіп келеді.



Сол себепті менің отбасымда әрдайым тәртіп, ынтымақ пен бірлік бар. Менің Әкем Астанадағы Еуразиялық ұлттық университетінен (бұрынғы Целиноград қаласындағы инженерлік-құрылыс институты) құрылысшы мамандығы бойынша жоғары білім алып шыққан. Университет бітіргеннен бері құрылыс саласында қызмет істеп, қазір үлкен ЖШС «ПМК-5» фирмасының директоры. Әкемнің құрылыс саласында атқарған еңбегі орасан зор.

Мен әкемнің мінезіне, қайраттылығына, жомарттылығына қайран қалам! Ол жұмысына өте жауапты, қарамағындағы қызметкерлерге қатал да әрі өте әділ. Қасымдағы жолдастарым кейде әкең сенің сондай қатал деп те айтады, сырт көзге солай көрінгенмен, ол үйде өте жұмсақ. Балалары үшін жанын да, барын да салып, біздің барлық қылықтарымызды көтеріп, еш ренжіткен емес. Жұмыстан келгенде алдынан шыққан немерелерін мойнына салып алып, еркелетіп, бір шаршағанын басады.

Әкемді әрдайым мақтаныш етемін, пір тұтамын! Сізге, анама бізді осы күнге жеткізіп, тәлім-тәрбие беріп, болашаққа дұрыс жол сілтегендеріңіз үшін бас иемін! «Не ексең, соны орасың» демекші, әр уақытта сіздерге тек жақсылығымызды, қуанышымызды, жетістіктерімізді көрсетіп, бізге артқан үміттеріңізді ақтаймыз деген ойдамын. Сіздерді қатты жақсы көреміз.

Әкетай, нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.
Тіршіліктің қызығына бөленіп,
Аман-есен ортамызда жүріңіз!

Сіз өскен Бостандық – көркі жердің,
Сындарлы саңлағысыз еркін елдің.
Нұрлан, Руслан ұлдарың азамат боп,
Оқытып, әрқайсына енші бердің.

Көкірегіңе мейірім толып нұрлы,
Жаныңызды жақсылық қоныс қылды.
Кеңпейіл, ашық жарқын мінезіңіз
Кейінгі жас өренге болып үлгі.

Жүгін арттың иыққа жыл көшінің,
Мақтан боп ел аузында жүр есімің.
Анамыз өзіңізге серік болып,
Отауыңыз орда болды іргесі күн.

Ассаң да тіршіліктің сан асуын,
Таусылмас арманы адам баласының.
Бүгінгі мерей тойың тұр айғақтап
Жүрек пен жүректердің жарасымын.

Қалжыңмен елдің жүрсіз басып мысын,
Ұрпаққа кеуденгегі жақұтты ұсын!
Аман-сау жүзге жеткін, асыл әке,
Басыңыздан арылмасын бақыт құсың!

**Нұрлан мен Айзада,**
**немерелеріңіз Нұрайым, Аяулым**

## ӘКЕҢ БАРДА ОРЫНДАЛАР АРМАНЫҢ

Әкем туралы не айтсам болады? Елдің бәрінің әкесі жақсы. Бірақ мен үшін менің әкем өзгеден ерекше! Әке жолын арнайы қумасам да, өмір мені бұл жолға кездейсоқ салды. Әкем сиякты мен де үйдің көпейімін. Ойламаған жерде мен де әкем сиякты Еуразиялық ұлттық университетіне (бұрынғы Целиноград қаласындағы инженерлік-құрылыс институты) оқуға түстім. Әкемнің сол бұрынғы студенттік шақтарындағы оқыған дәріс кабинеттерінде мен де оқып шықтым. Әкемнің институт бітіргеніне 30 жыл болғанда, мен де диплом алып, оқуымды бітірдім. «Өз ісіңнің нағыз маманы атану үшін өз қызметіңе адал болу керек, ол үшін ең алдымен таңдаған мамандығыңа деген махаббат керек», деген сөздерді әкемнің аузынан жиі естимін. Көрген адамдардың көбі әкеңе катты ұқсап бара жатсың деп айтып жатады. Құлағыма өте жағымды сөздер. Себебі, менің әкем мен үшін үлгі тұтар тұлға!

Бала үшін әкенің орны бөлек. Бәріміздің шырқап айтар ән-жырымыз, асқар тауымыз – Әке, Сіз! Ақылшы тірегіміз де өзіңіз! Бүгінгі ұлы жиыныңызбен Сізді шын жүрегімізден құттықтап, ұл-қыздарыңыз, немелеріңіз ұзақ ғұмыр тілейді. Жүзіңізден шуақ кетпей, біздің ортамызда анам екеуіңіз күліп-ойнап, шаттыққа кенеліп, бақытқа бөленіп, ұзақ жасай беріңіз. Жасыңызға жас қосылсын. Адамгершілігімен, азаматтық іс-әрекетімен айналасына қадірлі болған, кісілік пен кішілік нұры тұла бойынан төгіліп тұрған Сіздей ардақты әкемізді әрдайым мақтаныш етеміз! Өмір жолында адаспау үшін білімді болуға, еңбексүйгіштікке үйреткен, жамандықтан сақтандырып, пана болған өзіңіз! Сіздің осындай тәрбиеңіздің шарапатын көп жерде көрдім, өмірден өз орнымды адаспай табуыма көп көмегіңіз тиді. Сол үшін сізге мәңгі қарыздармыз!




Асқар таудай бақытымсың, бағымсың,
Өмірдегі, төрімдегі тағымсың!
Құтты болсын 60 жасың, жан әке,
Ақ тілектер өзен болып ағылсын.

Тілейміз біз таусылмайтын төзімді,
Тілейміз біз сарқылмайтын сезімді.
Денсаулығың мықты болсын, жан әке,
Құттықтайды ұл-қыздарың өзіңді.

Өмір-өзен жақсылығын жалғасын,
Тіршілікте сәттіліктер қолдасын.
Отбасыңмен мақтанамыз қашанда,
Арамызда Сіздей әке болғасын.

**Руслан мен Лейлагүл,**
**немересі Іңкәр**

## АҒАСЫ БАРДЫҢ ЖАҒАСЫ БАР

Сізді адам өмірінің ең маңызды да, елеулі шағы асқаралы 60 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Сіз – біз үшін орныңыз бөлек дара жансыз. Сізден әрдайым әкеміздің бойында болған мейірімін, қамқорлығын, жанашырлығын сезінеміз. Ағаңыздың балалары, біздер, Сіздің өз өмірімізде алар орныңыз орасан екенін айтқымыз келеді. «Алдыңдағы ағаның етегін баспа, жолын қу» дегендей, біз Сізді үлгі тұтамыз, ардақтаймыз. Сіздің еңбекқорлығыңыз, қарапайымдылығыңыз, өз ісіңізге деген адалдығыңыз, білімділігіңіз, бауырмалдылығыңыз, ел үшін, қоғам үшін жасап отырған істеріңіз – біз үшін үлкен үлгі-өнеге. Дәл осы аталған адами қасиеттер өзіңіз тәрбиелеп отырған ұлдарыңыз Нұрлан мен Русланның бойынан көрініс табады. Біз ол үшін қуанамыз. Ата-бабаларымыздың саналы ұрпақ жалғастығы болуын тілеген тілектерінің қабыл болғаны деп білеміз.

Осы қуанышты күні Сізге мықты денсаулық, шаңырағыңызға ырыс, байлық, жүрегіңізге мәңгі жастық жалын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да, тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын! Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, биік асуларға жете беріңіз! Зикеш тәте екеуіңіз Нұрлан мен Русланнан өрбіген ұрпақтарыңызды қызықтап, әдемі қарттық ғұмыр кешуге жазсын!

Жақсы аға күнде шуақ жағар жанға,
Мерейім өсіп тұрар ағам барда.
Жасыңнан жақсылыққа құштар едің,
Келесің жарық сыйлап адамдарға.



Ағаға ақ тілегім ақтарылсын,
Әкеге тұрпатыңмен тартқан ұлсың.
Ата-баба рухы қолдап әркез,
Ордаңа Қыдыр қонып, бақ дарысын!

**Игі жүрекжарды тілекпен аға-жеңгеңіз Малғаждар мен Тиыштықтың қызы Айтжан, күйеу баласы Марат, ұлдары мен келіндері Сәкен-Жайнагүл, Сәрсен-Дәмеш, Айдын-Сәния, Нұржан-Сара, жиені Мәржан, немерелері Айнұр, Алмас, Ержан, Гүлнұр, Әйгерім, Айқын, Нұржас, Жансая, Кәусар**

## НАҒАШЫНЫҢ ЖОЛЫ ҮЛКЕН

Әр адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әр қилы. Ал адам бойындағы адами құндылықтар одан да бағалы. Ол кісілік келбет, азаматтық тұлға, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ұлттық дәстүрлер. Бір басында осындай тектілікті, ірілік пен іскерлікті асқақтатар, сан қасиеттер тоғысқан, сонысымен де туысқандардың көшелі бір азаматы болып, есімі жақсылар мен жайсаңдардың қатарында аталып жүрген ардақты нағашымыз Кәрібай аға. Бұл күнде 60 жастың асқарына шығып отыр. Қазіргі уақытта мағыналы өмірінің, шуақты шаңырағының алтын діңгегі болып отыр. Бауыр еті балаларымен алтын асықтай немерелерінің ақылшысы. Алдыңыздағы алпыстың асуын



шаршамай өтіңіз. Жетпісті желпіп, сексенді секіріп, тоқсанға тоқтамай, жүзге жетіңіз!

Ағайын-туыстарыңыз бен бауырларыңыздың құрметіне бөленіп, ортамызда ақыл-парасаттылығыңызбен үлгі болып жүре беріңіз.

## НАҒАШЫМА

Жігіттің жақсылығы нағашыдан,
Арналар сыйлас жанға бар асыл ән.
Жанының шашу етер жақсылығын,
Ұқтырар көзінің нұр қарасынан.

Сыйлаймыз осы өмірде сізді біздер,
Бөлеген шуағына жылы жүздер.
Марқайып шаттанамыз келген шақта
Естен бір ұмытылмас қалған іздер.

Бейнеңізден бір ұқсастық табамыз да,
Жылылық үзілмеген арамызда.
Жылжып өмір білдіртпей өткенменен,
Тұлғаңыз самғай берер санамызда.

Нағашым, баға жетпес жансыз бізге,
Тілеймін зор денсаулық мына Сізге.
Жеңгеймен қол ұстасып қартайыңыз,
Жемісін мол ғып берер әрбір күзде...

**Жиені Алтынай Әзімкенқызы**

## ҚАЙЫН ЖҰРТЫН ҚАДІР ТҰТҚАН...

Өзінің туған қызын жақсы көрмейтін әке-шеше жоқ шығар бұл жалғанда. Сол үшін де олар өзінің қымбат бойжеткен қызын сенімді, байсалды, ақылды, парасатты, айта берсек көп, көңілінен шығатын жанға табыстағысы келеді. «Жаман күйеу – күйік», – дейді қазақ атамыз. Ал ел мақтаған мінезі жайлы жігітті күйеу бала қылу әр ата-ананың арманы десек, қате айтпаймын. Міне, біздің қызымыз – Атығай руының ішіндегі Батырбек тұқымынан шыққан Зикеш Серкенқызы 1986 жылы сегізінші тамызда Керей руының жігіті Кәрібай Қауашұлына тұрмысқа шыққанына, Кәрібай баламыздың қызымызбен бірге жаңа әулеттің мүшесі болғанына 32 жыл толып отыр.

Кәрібай баламыз жоғары оқу орнын бітірген соң Солтүстік Қазақстан облысындағы Сергеевка ауданының орталығына жұмысқа келген болатын. Сол жылдары біздің қызымызбен танысып, отбасын құрды.

Бүгінде екі баланың әкесі, үш немере сүйіп отырған бақытты, өнегелі, басқаларға үлгі болатын отбасыларының біріне айналды десек, қателесе қоймаспыз. Біз Кәрібай жайлы сөз қозғағанда, алдымен сәлемі түзу, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп келе жатқан, ағайын, дос-жарандарға сыйлы, туыстарымызға бауырмал, әрдайым көпшіл азамат екенін айтамыз.

Өзінің адамгершілігімен, кішіпейілдігімен, азаматтық іс-әрекетімен айналасына қадірлі, кісілік пен кішілік нұры тұла бойынан төгіліп тұрған ардақты күйеу баламызды әрдайым мақтаныш етеміз. Қайын жұртындағы болып жатқан қуаныш пен қайғыға әр уақытта ортақтасудан сырт қалмайды. Әрбір ісіне адалдықты ту етіп, жеке басының ақыл-парасатымен кейінгілерге үлгі бола білетін, қайын жұртын құрметтейтін, үлкенге де, кішіге де жанашыр жан. Туысқа деген пейілі мен мейірімі мол, мінезі жайдарлы,



бауырмал адам. Күйеу баланың бойынан жомарттық қасиетті де көруге болады. Жомарттық – жанның байлығы. Мұндай қасиетке ие болған кісі жақсылық жасауды көңілі қалап, көпшілікке қол ұшын беруге дайын тұрады.

Қайын жұрты Кәрібайдың адамгершілігіне бас иеді. Күйеу баламыз өз ісіне адал, еңбекқор, туыстарына, қайын-жұртына тек жақсылық ойлайтын, қайырымды жандардың бірі. Ер азаматтың өмірде жолы болуы жанындағы Құдай қосқан жарына да байланысты. Өйткені, шаңырақтың шырайын келтіріп, берекесін арттыру – әйелдің ісі. Сондықтан күйеу баламыздың ісінің өрге домалауына Зикеш қызымыздың да өзіндік үлесі бар.

Пайғамбар да күйеу баласын сыйлаған, біз де қазіргі таңда осындай қасиеттеріне қарай Кәрібайды өз баламыздай қатты сыйлаймыз. Ата-енесінің тапсырған ақ аманатына, яғни жары – Зикеш қызымызға қорған, балаларына ұлағатты, үлгілі жан, отбасының тірегі, қамқоршысы, қайын ағалары, балдыздарымен тату-тәтті, сыйлы Кәрібайдың әр ісі кімге болса да үлгі-өнеге. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, Нұрлан мен Руслан жиендеріміз әке жолымен сыйлы, ұлағатты отбасы болатындарына біз кәміл сенеміз.

Аталар жолын қуып, өнері мен өнегелі ісін жалғастырып келе жатқан Кәрібай күйеу баламыздың әрбір ісі мен жаңа бастамаларына тек сәттілік тілейміз.

**Әйіп пен Зәуреш**

## ҚҰДАНЫ ҚҰДАЙ ҚОСАДЫ...

«Асқа салған тұз әулие, ел мен елді табыстырған қыз әулие» деп халқымыз айтқандай, біз осыдан бес жыл бұрын аспандағы жұлдызымыз, жағадағы құндызымыз – үлкен қызымыз Айзаданы оң аяғымен құтты жеріне қондырып, алтын ұясынан ұшырып, алғашқы құдамыз Кәрібайдың, құдағиымыз Зикештің қолына аманаттап, тапсырып ұлдары Нұрлан екеуі қос аққудай жарасып, өмір атты үлкен мұхитқа қол ұстасты. Құдайға шүкір, қазір қос қанатымыз көзіміздің қарасы мен ағындай Нұрайым және Аяулым атты екі немере сүйдіртіп, ата-әже атанып, қолымызды жылы суға малып отырмыз. Сізбен құда болғалы тек жақсы жағыңыздан ғана танып, біліп, елге сыйлы, еңбек сүйгіш, адамгершілігіңіз мол, кішіге ізетті, үлкенге құрметті қасиеттеріңізді әркез үлгі-өнеге көріп келеміз.

Бүгінде ерең еңбекқорлығыңыз бен табандылығыңыздың арқасында жұртшылық қадірлейтін зор табыстарға жетіп, мерейлі тойыңызға ортақтасып отырмыз.

Адамдықтың ең асыл қасиеті – қарапайымдылығыңызды еш жоғалтпай, қатарыңыздың сыйлы қариясы болып жүре беруіңізге шын жүректен тілектеспіз. Қоғам игілігіне бағыттап отырған ерен еңбектеріңіздің еліміздің нығаюына өзіндік үлесі барын жақсы білеміз. Сол себепті игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайтатыңыз қашанда арта берсін! Бұл өмірдің бір қызығы – біздің балаларымыз. Сіздің арқа сүйер тірегіңіз, ұлдарыңыз Нұрлан, Руслан үмітіңізді ақтап, елдің ереулі азаматтары болып отыр.

«Құда» мен «Құдайды» бір-ақ әріптің бөліп тұрғаны әсте бекерден емес-ау. «Құдайындай» сыйлап, мыңжылдыққа созылатын туысқандығымыз беки берсін. Ең бастысы, құлыншақтарымыз аман болсын! Бізді табыстырған тікелей солардың арқасы.



Қасыңыздағы серігіңіз, сырласыңыз Зикеш екеуіңіз балаларыңыздың, немерелеріңіздің қызық-қуанышын бірге көріп, бірге жасап, шөбере сүйетін жасқа келіңіз! Шығар шыңдарыңыз биік болғай!

**Құда-құдағиыңыз Қайыржан мен Ақыл**

# ҚҰДАҒИ ҚҰРДАСЫНДАЙ БОЛСЫН, ҚҰДАҢ ШЫН ДОСЫНДАЙ БОЛСЫН

Руслан – Лейләгүл балаларымыздың арқасында мың жылдық құда-құдағи болғанымызға тура 3 жыл болыпты. Осы уақыт арасында сағынышты сыйластықпен, көктемдей көгілдір, кең риясыз көңілмен жарасып келе жатырмыз. Сізге жарқын да мағыналы өмір, кіршіксіз көңіл, денiңізге саулық тілейміз! Қызыққа толы ұзақ ғұмыр кешіп, көпшіліктің ризашылығы мен құрметіне кенеле беріңіз дей отырып, жүректен шыққан төмендегідей өлең жолдарын қабыл алыңыздар.

Құтты болсын бүгінгі мерейтойыңыз,
Орындалсын арман-мақсат ойыңыз.



Туысқанның құрметіне бөленіп,
Әрқашанда биік төрде болыңыз.

Нұрға толсын әрқашанда жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз,
Құда-жекжат мерейіне бөленіп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!

**Құда-құдағиыңыз Ерік пен Ақтолқын**

**Ағаш тамырымен мықты,**
**Адам досыммен мықты**

Біз асыл досымызды ширек ғасырдан бері білеміз. Біздің досымыз Жахин Серікпен студент жылдарын бірге өткізген. Сол үйге қонақ ретінде келетін. Солтүстік Қазақстан облысынан біздің бұрынғы Көкшетау облысының Куйбышев ауданына, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Ғ. Мүсірепов атындағы ауданға қарайтын, 1995 жылы ПМК-108 басшысы болып келді. Сол кезде отбасымен көшіп келді. Жұбайы Зикеш және Нұрлан мен Руслан ұлдарын Куйбышевте қалдырып Ресей шекарасында егеменді еліміздің белгілерін көтеріп іске қосты. Екі-үш айда үйге бір-екі күнге келіп кететін. Ол Кеңес Одағы құрып, егеменді еліміз тәй-тәй басқаң заман. Ең қиын жылдары – өткен ғасырдың 90-шы жылдары.1999 жылы жеке кәсіпкер болып жаңадан мекеме құрып, құрылыс жұмыстарын ұйымдастырды. Сол жылдары достарына, ағайындарына қол созып, көмек берген. Елде қиын жағдай болғанда, ағайындарын көшіріп, мал беріп, үй салып, көмек жасады.

Ата-анасы осы омірден ерте кеткен, Кәрібай ұлдарының жетістіктеріне куә бола алмады. Жатқан жерлері торқа болсын. Немерелері Нұрлан мен Русланның өскенін, мектеп бітіріп және жоғары білім алып, қызмет еткенін көре алмай кетті... Солтүстік Қазақстан облысы, Бескөл ауданы, Бостандық ауылында Кәрібай өсті. Мектеп бітіріп, ата-анасының берген тәрбиесін алып, жоғары жетістіктерге жетіп жүр.

Кәрібай досымыз келгенде, жас жігіт еді. Қазірғі кезде ұлдарын жеткізіп, немере сүйіп, ата болып жүр. 2004 жылы «ПМК-5» ЖШС мекемесін құрды. Сол мекемеде еңбек етіп жүр. 2008 жылы Солтүстік Қазақстан



облысы әкімінің жарғысымен марапатталды. Негізі өзі бала кезінен спортпен айналысты. Футбол, хоккей, бокс, күрес, шаңғы, волейбол, баскетбол және спорттың басқа түрлеріне де әуесқой. Ұлдары да спортқа жақын. Жұбайы Зикеш жас кезінде волейбол командасында жақсы ойнаған, шаңғы тебумен айналысқан. Қанша барсақ шаңырағында теледидардан спорт арналары қосулы тұрады...

«Еңбек ерлікке жеткізер, ерлік елдікке жеткізер» дегендей, 2009 жылы «Үздік кәсіпкер» дипломын алды. 2010 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Кәрібайдың адал дос екенін, өтірік айта алмайтынын бұрыннан білеміз. Шындық айтуға үйренген. Кәрібай адамның жасына, не қызметіне, не ұлтына қарамай турасын айтатын азамат. «Маған достық та, шындық та қымбат. Дегенмен, әрқашан шындықты бірінші орынға қоямын» деп Аристотель айтқан сөз Кәрібайға келеді. Иманы жоққа иманды болып, атасы жоққа – ата болып жүрген досымызға денсаулық тілейміз. Қандай дәрежеге жетсе де, жүрегіндегі сабырлық, намыс, имандылық жоғалған жоқ. 2011 жылы құрылыс саласында «Ең үздік кәсіпкер өндіруші» атанды. Туған еліне болсын, тұрған жеріне болсын, достарына болсын, туыстарына болсын – бәріне жүрегі ортақ. Біз Кәрібаймен дос болып жүргенімізге ризамыз, өмірінің жақсы жолын басуға тырысамыз. Достық – асықпай өсетін өсімдік секілді. Ол пісіп жетілуі үшін талай сыннан өтуі керек. Зикеш екеуі шаңырақ құрғаннан бері қол ұстасып, үлгілі отбасы болып, адал достықтарына Аллаға шүкір етеміз. Жолдасы көптің – олжасы көп. Кәрібайдің бойында достарына, отбасына нұрлы ақыл, жарасатын әзіл, жылы жүрек бар. Алланың берген жасын жасап, ұрпақтың жетістігін бірге көріп, мәңгілік достығымыздан айырылмайық, ағайын.

Ғажап қой мына өмірде дос дегенің,
Өбейгенін досымның қош көремін.
Көрген жанға жылы қабақ танытсам,
Әр баласын қазақтың дос көремін.
Достарыммен әрқашан мақтанамын,
Өздеріңмен өмірден бақ табамын.
Ұлы ұғым болса-дағы үш әріп,
Солар менің байлығым мен аппақ арым.

**Жолдасы Бауыржан Айтмағамбетов**

## СТУДЕНТ БОЛҒАН КЕЗДЕР-АЙ...

Мен, Тайбасаров Болат, бұрынғы Целиноград қаласындағы инженерлік-құрылыс институты (ЦИСИ) оқу орнын Кәрібаймен бірге бітірдім.

Кәрібай екеуміз студенттік шақтан бері таныс болып, біртіндеп таныстығымыз үлкен дос-жолдастыққа айналды.

Қазіргі кезде сол достығымыз жалғасып, отбасымызбен бірге ұштасып, туыстай болып қатынасып кеттік. Өмірдің ағысымен бір-бірімізге деген достығымыз ұлғая беруде. Әрі қарай да біздің балаларымыз, немерелеріміз де ата-ана салған дос іздерін, қатынастарын жалғастыратынына сенімдімін. Өйткені Кәрібай мен жұбайы Зикештің балаларына берген тәрбиесінің маңызы зор.

Кәрібай мен Зикеш өте ақылды, инабатты, адамгершіліктері зор, адал, ниетті, қашанда қысылған жанға қол ұшын беретін жандар. Қазақтың мақалымен айтқанда «Аузын ашса – өңеші көрінеді» деген сөз осы жұп туралы айтылған теңеу десем артық емес.

Менің өміріме осындай жолдас кездескеніне өте қуаныштымын. Арада бірнеше жыл өткеннен кейін үлкен азамат болып, жеке отау құрған қос қанаттары – Нұрлан мен Русланға қарасам, жастық, студенттік шақтағы Кәрібайды көргендей боламын. Қос балапандары мінездерімен де, адамгершілік қасиеттерімен де әкелеріне тартқан. «Әке көрген оқ жонар» дегендей, екі ұлы да ата-анасын қуантуға, солардың армандарын жалғастыруға тырысады. Екі азаматты қостап, алға қойған мақсаттарын жүзеге асыруға жұбайлары Айзада мен Лейләгүл ат салып жүретініне куәгер болдық. Кәрібай мен Зикештің келіндері де жақсы жақтарынан көріне білетін, өнегелі отбасыдан жақсы тәрбие алған жандар.



Менің жұбайым Сандуғаш пен Зикештің қарым-қатынасы жарасып, Кәрібай екеуіміздің көңілімізден шығып отырады. Астанаға келгенде, менің шаңырағым олар үшін өз үйлеріндей, қашан да ашық. Жастық шағымыздың кейбір қызықты сәттерін еске алып, бір жасап қаламыз...

Сондағы бір қызық оқиға есіме түсіп отыр: Кәрібай, мен, Сайран үшеуіміз кейде тамағымыз болмай қалғанда, жатақханадағы қыздарға Сайран барып, әңгіме-дүкен құрып, шай ішіп отырады. Сонда, ол көп кешіксе, біз оны іздеген болып, соңынан барамыз да, біз де қосыла кетіп, шай ішіп, мәз болып, бөлмемізге тойып келетін едік...

Тағы бір қызық оқиғаны айта кеткенім жөн болады: Студент кезде Сайран екеуіміздің стипендиямыз тез жұмсалып, бітіп қалатын еді. Арамызда Кәрібай ақшаны рационалды жұмсайтын. Біз оны жақсы білеміз де, ақшамыз таусылғанда Кәрібайдың жанынан шықпай

айналдырамыз. Ақырында Кәрібай бізді асханаға апарып тамақтандырушы еді.

Осындай қызықты оқиғалар өте көп. Еске алған сайын жалғасы бір-бірімен ұштасып жатыр. Қызықты әрі мәнді де сәнді студенттік шақтарымыз өтіп кетті. Жоғары білімді маман атанып, диплом алып, жан-жаққа тарап кетсек те, бір-бірімізге деген ыстық достық сезім ешқашан ұмытылмас. Сол сезім әлі күнге дейін бәрімізді бір-бірімізге жетелеп келе жатыр.

Өткен белестерге үңіле қарасақ, жолдасымның бүгінгі күнге жеткен мәртебелі де халықтың арасында беделді азамат болуына себеп болған жағдай Кәрібайдың қайтпас қайрат жігері. Оның қандай қиындыққа болсын да төзімді болуында. Алға қойған мақсатын жүзеге асыруға, қандай қиындықтан болсын тайынбауында. Ол өзінің еңбек жолдарын диплом алғаннан бастап бүгінге дейін тек өз кәсібімен жұмыс істеуде. Еңбек жолын басқа салаға бұрған емес. Тек құрылыспен айналысуда. Заманның қиын кездерінде көп адамдар дипломмен жұмыс істемей, күн-көріс саласымен кеткендер көп болды. Ал Кәрібай болса, өз еңбек деңгейін ешқашан ауыстырған емес. Мен Кәрібайдың әр жетістіктеріне қашанда шын жүректен қуаныштымын, мақтан тұтамын!

Қымбатты менің жолдасым!
Мерейтойың құтты болсын!
Денсаулығың зор болсын!
Отбасыңа бақыт тілеймін!

Таудай талап, мызғымас сабырлық, таусылмас бақыт, тамаша табыс, керемет кішіпейілділік, жайдары көңіл, ұзақ өмір тілеймін! Зикеш екеуің ұзақ өмір сүріп, немерелеріңнің қызығына тоймай, көңілдеріңнен бақыт күлкісі кетпесін!

**Жолдасы Тайбасаров Болат**

## АРНАУ

Ауылым – менің киелім,
Өзіңді сондай сүйемін.
Маңайың ару – аққайың,
Көк орай шалғын жиегің.

Кетпеген әсте бастан құт,
Жазайын жыр қып, дастан қып.
Атыңнан сенің айналдым,
Ауылым менің – Бостандық.

Суындай мөлдір жылғаның,
Арналар саған жырларым.
Себебі, сенде өтіпті
Отыздан астам жылдарым.

Сен емес елдің осалы,
Арманың алдан тосады.
Талайды етті талантты
Білімнің мықты ошағы.

Аппақ ай жуған бетіңді,
Қазақы елсің кең тілді.
Өзіңде оқып, білім ап,
Төрт ұлым өсіп жетілді.

Қалықтап көкке есімің,
Молайып ырыс, несібің,
Танылдың талай елдерге,
Ауылым – алтын бесігім.

Өткізген сенде өмірін
Дарынға толы өңірің,
Осындай елден кетерде
Босайды неге көңілім?

Айналған бүгін әніме
Шырқалар сол ән әлі де.
Жайлауың, далаң, сайың да –
Ыстық қой маған бәрі де.

Сұлудай сымбат сән бердің,
Шабытқа шалқар дем бердің.
Аман бол, ізім қалған жер,
«Жантілеу», «Батан», «Бәйгелдім»!

Туғаннан кетсем «өгейге»,
Жолымды біреу бөгей ме?
Көзімде жас бар сағынар,
Кептелген тас бар көмейде.

Ардақты, асыл мекенім,
Кешікпей сенен кетемін.
Қоштасар сәтім келгенде
Білемін, қиын екенін.

Болған соң панам, тірегім,
Сәттілік саған тіледім.
Қимасым кетіп қалғандай
Жыртылды жамау жүрегім.

Ешкімге тақпай бекер мін,
Баратын жерге жетермін.
Алғысым шексіз ауылыма,
Басымды иіп кетермін.

*Ауылдасы*
*Өзбек Сабырұлы*

## БІЗДІҢ АУЫЛ

Ауыл десем:
Ақ шаңқай үй елестер,
Соның бәрін алып қолды ер істер.
Ауыл десем:
Қыр мен сайы, дөңесі,
Елестейді сонандайдан белестер.

Ауылда өсіп қызығына тоймағам,
Бала сезім бал күйіне бойлағам.
Күннің күні, керегесі кертіліп,
«Жүдер» деген келмепті ғой ой маған.

Әлі нығыз, мығым менің ауылым,
Әлі көрем қариялар қауымын.
Сол ауылға түкте емес бораның,
Түкте емес нөсерлеткен жауының.

Жатсадағы ауыл жолдан тысқары
Қиын емес нарықтың кеп қысқаны.
Қиындығы қимасыңдай боп қалған
Алтыбақан – көзден бұлбұл ұшқаны.

Болса егер саусақ пенен қолдарда еп,
Ойын-сауық орны ертең оңар деп.
Үмітімді әлі де үзбей келемін,
Көзден ұшқан қайта орнына қонар деп.

Туысым бар, ағайын, мұнда бауыр,
Селт етпеген, соқса да қанша дауыл.
Тірліктері ойсырап қалсадағы,
Бірліктерін сақтаған біздің ауыл!

*Журналист*
*Фархат Өзбекұлы*

## «ПМК-5» ЖШС-НІҢ КЕЗЕКТІ СӘУЛЕТ ӨНЕРІ

Кәрібай Шаяхин басқаратын «ПМК-5» ЖШС облыс орталығындағы «Береке» шағынауданында 55 пәтерлік бесқабатты тұрғын үйдің құрылысын бастап, бір жылдың ішінде аяқтап шықты.

2016 жылы облыстың сол кездегі әкімі Ерік Сұлтанов 20-шы шағынауданда салынатын, сол кезде тек іргетасы ғана қаланған мешіттің құрылысын қолға алуды сеніп тапсырды.

Сол жылы аталмыш шағынауданға сәулеті жөнінен ерекше көрік беретін ғимараттың құрылысы жедел қолға алынды. Мешіт үшін 1,3440 гектар жер телімі берілген. Құрылыс алаңы 2146 шаршы метрді құрайды. Г. Жуков және Ж. Қизатов көшелерінің қиылысында бой көтерген Алланың жердегі үйі 630 адамға шақталған (500 ер адамға және 130 әйелге). Мешіттің бірінші қабатында 500 ер адам құлшылық ететін зал, холл, вестибюль, гардероб, құран оқу бөлмесі, неке қию залы, санитарлық желілер, қосымша жайлар орналасқан. Екінші қабатта 130 әйелге арналған құлшылық ету залы, бухгалтерия, кабинет, холл, демалыс бөлмесі, имам бөлмесі, найб имам бөлмесі, шаруашылық меңгерушісі кабинеті бар.

Мешіт 4 мұнаралы. Олардың әрқайсының биіктігі 33,7 метрді құрайды.

